

АҚШ-тың инспекция топтарының Қазақстан Республикасының аумағына келу пункттерін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 9 наурыз 1993 ж. N 182

Қазақстан Республикасының Қару-жарақты шектеу және қысқарту саласындағы халықаралық шарттар бойынша алған міндеттемелерін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Орта және таяу қашықтыққа пайдаланылатын ракеталар жөніндегі шарттардың және Стратегиялық шабуыл қару-жарағын шектеу туралы шарттың сақталуын бақылау үшін Қазақстан Республикасына келетін АҚШ-тың инспекция топтарының Алматы қаласына келу және кету пункттері ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Орта және таяу қашықтыққа пайдаланылатын ракеталар және Стратегиялық шабуыл қару-жарағын шектеу туралы шарттарға басқа қатысушыларға Алматы қаласында инспекция топтарының келу және кету пункттері ашылғанын хабарласын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі республика аумағына орналасқан объектілерде инспекциялар өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қаржы министрлігі мемлекет шекарасы арқылы өтетін инспекция топтарына, көлік-құралдарына, жүктерге өткізетін пункттерде Орта және таяу қашықтыққа пайдаланылатын ракеталар және Стратегиялық шабуыл қару-жарағын шектеу туралы шарттарда ескертілген ережелерді сақтай отырып, шекаралық, кедендік бақылау ұйымдастырсын.

5. Қазақ азаматтық авиация басқармасы АҚШ-тың инспекция топтары ұшып келетін авиация техникасына навигациялық, инженерлік-айлақтық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Сыртқы істер министрлігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірге америка жағының қатысуымен Орта және таяу қашықтыққа пайдаланылатын ракеталар және Стратегиялық шабуыл қару-жарағын шектеу жөніндегі шарттардың орындалуы туралы ақпарат алмасу үшін байланыс ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірге елге келетін инспекция топтарына инспекция жасаушы жақтың есебінен ақы төлеу мәселелерін шешетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК